Стандартты браузерлер кәштеу техникасын web – беттен құю . Internet Explorers қарағанда процессті жеделдететін арнайы бағдарламаларда бар. Жеделдету параметрлерді оптималдау және мәліметтерді кәштеу негізінде жүзеге асуы мүмкін. Кейбір бағдарламаларда жоғарыда көрсетілген механизмдердің бірнешеуі бірден жұмсалады.

### **1.6.4 Кәштеу процессін оптималдау негізінде жеделдету**

Web – беттегі мәліметтерді кәштеу кезінде 3 бағытты көрсетуге болады.

- IP – мекен-жайларды кәштеу;
- Локалды компакттегі дисктік кәштеу;
- Алдын ала оқу.

Әрбір бағытқа жеке тоқталып кетейік. Есіңізде болса браузерге қайсы ресурстың URL айтсаңыз да, ол DNS – сервердің бірнеше тізіміне сұраныс жасау- күнделікті оқиға әдетте IP – мекен-жай (кәштелмейді) қолданушы компактінде кәштелмейді, сондықтан сол минуттан алдын ала сұраныс жасаған IP – мекен-жайға қайтадан сұраныс жасалынады. Бұл да уақытты алады. Осылайша, Web – бетті көрсетуде алдын ала DNS –серверге жедео сұраныс жасайтын бағдарлама – IP – мекен-жайды кәштей бағдарламасын ұйымдастыру керек.

IP – мекен-жайды қабылдаған соң, бірінші шалушы қажет бетті компьютер кәшінен іздейді, егер сақталған болса оның жарамдылығын тексереді, жарамды болса қолданушыға ұсынылады. Бұл процессте уақытты қажет етеді, ал оны жеделдету – бөлек тапсырма. Көпбағдарламалар бұл жағдайда өзінің жеке кәшін құрады. Ол көп орын алғанымен, тезірек жұмыс істейді. Екінші бағыт сипаты осындай.

Ал, 3-ші механизмді түсіндіру үшін қайтадан қарапайым браузер қызметіне тоқталамыз. Құжат браузерде көрсетілген соң, пауза болады. Қолданушы құжатты оқып болғанша, құю процессі тоқтатылады. Алдын ала оқу пауза кезінде байланысты үзбей, құжаттың одан әрі құйылып, көрсетілген бетте сілтеме пайда болуын туғызады. Бұл құжаттарды құйып алу фондық режимде болуы бұл процесстің жедел өтуін қамтамасыз етеді. 3-ші механизмнің сипаты осы алдын ала оқу процессінде немесе префетчинг процессінде (ағылшынның prefetch – алдын ала әкелу) кейбір кезде бұл механизмді алдын ала құю механизмі деп те аталады. (ағылшынның pre-loading).

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Web - бетті кәштеу процессінің қызметі қандай?
2. Прокси-сервер жұмысының механизмі қандай?
3. Web – бетті кәштеу оптималының механизмі қандай?
4. Web – бетті кәштеудің 3 негізгі бағыты қандай?

### **1.7 Интернетте іздеу технологиясы.**

#### **1.7.1 Web-те іздеу**

Интернетте миллиондаған сайттар орналасқан. Онда актуалды ақпараттармен қатар, ескірген ақпарат ресурстары да бар. Интернет – белгілі бір басқаушысы жоқ демократиялық ақпараттар көзі. Әркім желіде өз ресурсын орналастыра алады. Нәтижесінде, ақпаратты дубликаттау және стандартты бұзу көп кездеседі. Сондықтан желіде барлығы бар, бірақ ол жерден қажетті ақпаратты табу оңай емес. Ақпаратты табу үшін іздей білу керек. Төменде интернетте іздеудің әдістері көрсетілген.

Интернетте іздеуге арналған құралдардың бірнеше түрі бар: іздеу машиналары (ізденушілер), индекстендірілген каталогтар (рубрикаторлар), рейтингтер, мета іздеуіш жүйелер және тематикалық тізімдер сілтемесі, онлайндық энциклопедиялар және анықтамалар.



Әр құрылғының өз ерекшеліктері мен кемшіліктері бар. Әрқайсысына жеке тоқталайық.

### **1.7.2 Индекстендірілген каталогтар.**

Каталог – иерархиялық құрылыс ретінде тақырыптары бойынша топтылған мәліметтер жиынын ұсынады. Бірініші деңгейлі топтамалар кең көлемде таралған тақырыптарды қамтиды (спорт, ғылым, магазин т.б). Мұндай әрбір топама бөлімдерге жіктеледі. Осылайша қажет бағытта қозғалып, сіз өзіңізге керек ақпаратты таба аласыз. Мысалы: оқу орнын іздегенде тізім мынадай болуы мүмкін: Білім алу – Оқу орындары – Жоғары оқу орындары – Институттар. Қажетті каталогқа жеткен соң сілтемелер жиынтығын кездестіресіз, әдетте, каталогтағы сілтемелер профильді болады, өйткені оларды программалар емес, адамдар құрған. Егер сіз жалпыландырылған ақы түрін іздесеңіз каталогқа жүгінсеңіз болды, ал нақты ақы қажет болса, каталог – тиімсіз әдіс болып табылады. Жалпы профильді каталогтардан басқа, арнайы каталогтарда болады. Егер жеке тақырып ішінде ресурстар көлемі тым көп болса, қосымша жіктелуді қажет етеді. Мысалы: Яндекс каталогында жіктелу цитирлеу индексі негізінде жүзеге асады. (цитирлеу индексі – желінің басқа сайттарынан сіздің сайтыңызға келіп түскен сілтемелер саны).

Желіде каталогтармен қатар рейтингтер де болады. Екеуінің айырмашылығы: рейтингте – ақпараттар сипаттамасын ақпаратты сұраушы жасайды, ал каталогте олардың авторлары.

Сілтемелердің тематикалық сілтемелері – дара коллекционерлермен немесе мамандандырылған топтармен құрылған тізімдер. Көп жағдайда кішігірім арнайы тақырыпты ірі каталог қызметкерлер топтамасына қарағанда, бір маман тез таба алады.

### **1.7.3 Домендік атау арқылы іздеу.**

*Каталог* – ыңғайлы іздеу жүйесі, бірақ сізге Intel немесе IBM компанияларының серверлеріне түсу қажет болса, сізге каталогқа жүгіну қажет емес. Олардың қажетті сайтына түсу қиын емес: [w.w.w.intel.com](http://w.w.w.intel.com). [w.w.w.IBM.com](http://w.w.w.IBM.com).

Егер сізге дүние жүзінің ауа райы туралы мәлімет керек болса, оны [w.w.w.weather.com](http://w.w.w.weather.com) серверінде іздеген қолайлы көпжағдайда кілттік өз арқылы іздеуге салған тиімдірек. Танымал емес компаниялар сайтыын іздегенде, интуициялық іздеу (компания атауы) қолайлы.

*Іздеу машиналары.*

Сіз сұраған мәліметтер жауабына сізге, тіптен, қажет емес ақпарат тізімдерімен соқтығасыз. Мұндай құжаттар релеванттық емес құжаттар деп аталады (ағылшынның relevant – сай келетін, іске қатысы бар).

Дұрыс сұраныс жасауда релеванттық құжаттар сілтемесінің саны арта түседі.

Іздеу машинасы арқылы табылған релеванттық құжаттар тізімін нақты іздеу деп аталады. Нерелеванттық құжаттарды «шумовые» деп аталады. Барлық табылған құжаттар релевантты болса, іздеу нақтылығы – 100%.

#### **1.7.4 Іздеу машиналарының жұмыс жасау механизмі**

Іздеу жүйесін анықтама қызметімен салыстыруға болады, олардың агенттері мәліметтер барысында ақпарат жинау мақсатында өнеркәсіптерді аралап шығады. Клиент ақпараттар қызметіне сұраныс жасағанда, қажетті құжатты мәліметтер базасынан алып береді. Мәліметтер базасы ескіріп тұрады, сондықтан оны уақыт өте жаңартып жаңартып тұру қажет. Ал кейбір өнеркәсіптер ақпараттарды өздері жіберіп отырады. Осылайша анықтама қызметі 2 функция атқарады:

1. Мәліметтер базасын құру және оны жаңарту;
2. Клиент сұранысы бойынша ақпараттарды іздеу.

Іздеу машинасы 2 бөліктен тұрады:

1. Робот – барлық көрсетілген серверлерді мәліметтер базасын құру мақсатында аралау.
2. Іздеу механизмі.

«Робот» -терминінің синонимдері көп: Желілікагент, ол желіде «өрмелейтінін» ескере отырып «кұрт» немесе «өрмекші» т.с.с.

Робот базасын негізіндеоның өзі құрып отырады (робот өзіне жаңа ресурстарды өзі тауып отырады). Кей жағдайда – ресурстар иесі, өз сайттарын іздеу машиналарында құру арқылы құрады.

Мәліметтер базасын құратын роботпен қатар, табылған сілтемелерді рейтингін анықтайтын бағдарламалар да бар.

Іздеу машиналарының қызметін тұжырымдайтын болсақ, ол қолданушы ұсынған кілттік өз арқылы ішкі каталогын аралып, қажет сілтемелерді көрсетіп отырады.

Айта кететін жағдай, жүйесі ішкі функциясы болып табылады. Іздеу машинасының мәліметтер базасы жаңартылып тұратынына қарамастан, іздеу машинасының ақпараттар жинағы мен желі ресурстарын салыстыруға болмайды. Онда ескірген ақпарат болуы немесе тіптен ақпараты жоқ болуы мүмкін. Проблема тек ішкі ресурстардың шектеулігінде ғана емес, сонымен қатар робот жылдамдығының шектеулігі екендігінде де. Ішкі ресурстар көлемін үлкейту бұл мәселені шешпейді, өйткені аралау жылдамдығы шектеулі. Сонымен қатар іздеу машиналарында интернеттен алынған ақпараттардың барлығы емес, тексанаулы бөлігі ғана сақталады. Оны индекстелген тізім немесе индекс деп аталады.

Индекс құрылымы мынадай ережелер бойынша құрылады.: база көлемі барынша кішкентай, бірақ іздеу жылдамдығы жоғары және ақпарат көлемі барынша үлкен болуы керек. Бұл тізіммен бірге қағазды аналогта болғаны жөн, конкорданс өздігі беп аталады, яғни белгілі бір автормен қолданылған өздердің

индекстері көрсетілген өздер жинағы, сонымен қатар оларға сілтемелер мен арналар да көрсетілген.

### 1.7.5 Индексті құрастыру.

Желілік агенттер немесе робот-өрмекшілер желіде «өрмелеп», Web –бетті тұжырымдап, олар туралы ақпарат жинайды, яғни қайсы ақпарат қайсы беттен табылғаны туралы қажетті HTML – беттерді тапқан іздеу жүйелері өздерді, өзіне керегінше өзгертеді, суреттерді, сілтемелерді, скрипттардыжәне т.б. элементті өздерді өзгерткенде оның беті ғана емес, орналасқан орны да өзгеріске ұшырайды, яғни өздер қай жерде орындалғандығы: тақырыбы (title), тақырыпша (subtitles), метотэгтер (meta tags) және т.б. әдетте негізгі өздер өзгеріске ұшырайды, алшылаулар жайылып кетеді (ал, бірақ, немесе т.б.). Метатэгтер қолданушыға индестелетін беттің кілттік өзі мен тақырыбын өзі таңдауға мүмкіншілік береді. Бұл кілттік өз көп мағыналы болғанда өте тиімді. Метатэг бұл өздің ішінде тек 1дұрыс мағыналы өзді тауып береді. Алайда, метатэгтердің қызметі дұрыс қолданылатын өздер кезінде ғана тиімді. Кейбір жағдайда Web – сайтының иелері өз ресурстарына көбірек қолданушылады тарту мақсатында тематикаға қатысы жоқ танымал өздерді орынсызжерге жазып қояды. Бұл кезде метатэгтің көмегі жоқ. Бұл секілдісайттарды желіден жою жақсы іздеу машиналарының тағы бір қызметі. Әрбір роботтардың мұндай жағдайда қолданылатын өз «жазалау әдісі» бар.

Индексті құрған кезде дубликаттар да көп кездеседі. Ал ең бастысы, тақырыбы әртүрлі, бірақ текстті бірдей дубликаттар мұндай құжаттар желіде өте көп. Мысалы:біреу рефератты көшіріп алып, тақырыбын өзгертеді де, өз сайтына шығарып қояды. Қазіргі іздеу машиналары бұл мәселенің бәрін шеше алады.

### 1.7.6 Индекс бойынша іздеу

Индекс бойынша іздеу кезінде қолданылатын сұранысты өзі құрып, іздеу машинасына жібереді. Бірнеше кілттік өздерді қолданғанда булерлік операторлар негізіндегі бағдарламаларға сұраныс жасаған жөн.

Көп қолданылатын булерлік операторлар:

- AND – «AND» шылауы бар барлық құжаттар көрсетілуі тиіс. Кейбір іздеужүйелері «AND» орнына «+» таңбасын қолданады.
- OR – іздеуге түскен құжатта кемінде бір «or» шылауыболуы керек.
- Not – «Not» кілттік өзі ізделінген құжатта болмауы керек. «Not» орнына кейде « - » таңбасы қолданылады.
- FOLLOWED BY – бір-бірінен кейін жүретін кілттік өздер.
- NEAR – орын ауыстыруға келмейтін кілттік өздер үшін.

Тырнақша («») – тырнақша ішіндегі өздер, құжаттар немесе файлдарда табылатын өздер фрагменті.

Логикалық комбинациялар негізінде тексерілетін текст іздеу бірлігі деп аталады. Мұндай іздеу жүйесі тек индексі анық көрсетілген өйлемдерге ғана тән.

**Бақылау сұрақтары:**

1. Қажетті ақпаратты Интернеттен іздеудің жалпы принциптері?
2. Іздеу машинасының жұмыс жасау механизмі қалай?
3. Индекс түсінігі ақпаратты Интернеттен іздеу технологияларында неменені білдіреді?
4. Индексті құрастыру принциптері қалай?

## Тарау 2. Интернет сервистері

### 2.1 Интернет сервистері, электрондық пошты.

#### 2.1.1 Электрондық почта мекен-жайы.

Интернетке тіркелу кезінде ISP қолданушыға пошталық жәшікке арналған дискілі корын, пошталық жәшік мекен-жайын (E-mail Account Address), қолданушы есімін (E-mail Account Login Name) және қорғау мақсатында пароль (E-mail Account Password) ұсынады. Электрондық пошты мекен-жайының өз форматы болады.: қолданушы\_ есімі @ домен атауы. Мысалы: Sanat @ ntu.almaty.kz. «@» таңбасының сол жағындағы бөлім – пошты атауы, пошталық жәшіктің қай жерде орналасқанын көрсетеді. Қолданушы әр серверде бірнеше электрондық мекен-жайын тіркей алады. Қазіргі таңда электрондық пошты қызметін тегін көрсететін серверлер көп, сондықтан әркім қалауы бойынша дүние жүзінің қалаған жерін электрондық пошта мекен-жайын тіркей алады.

Сондықтан, электрондық пошты мекен-жайы сіздің компаниялардың мекен-жайын емес, сіз хат алатын сервер мекен-жайын көрсетеді. Мысалы: бір қолданушының 2 мекен-жайы бар: **sasha @ ny-server.com.** және **sasha @ almaty-server.ru.**

Әр жәшіктен ол өзінің үйдегі компьютері арқылы хат алып отырады. Біреуі Нью-Йорктегі серверде, екіншісі Алматыдағы серверден келеді.

#### 2.1.2 Екі сервис – екі хаттама

Электрондық пошты клиент-сервер архитектурасы бойынша құрылған. Қолданушы клиент бағдарламасымен әрекеттеседі, ал ол өз кезегінде пошталық сервермен әрекетке түседі. Поштаны қабылдау және жіберу тұлғаны идентификациялауды талап етеді, яғни кәдімгі пошты секілді, сіз өз хатыңызды алу үшін кілт керек. Электрондық поштыда кілттің орнына авторизациялау құралы қолданылады, яғни сіздің поштыны қарауға құқыңыздың бар немесе жоқ екендігін қадағалайды. Ал хат жіберуде авторизация қажет емес. Хатты қабылдау және жіберуге байланысты тұлғаны идентификациялау дәрежесі де 2 түрлі болады. Осыған байланысты 2 протокол болады – хатты жіберуге және хатты қабылдауға. Хат жіберу кезінде авторизация маңызды еместігіне қарамастан, қазіргі таңда провайдерлер, бұл бағдарламаны қорғаныс мақсатында өндіруді талап етеді.

Хаттарды жіберу үшін SMTP (Simple Mail Transfer Protocol – хат жіберу почтасының қарапайым протоколы) протоколдар және SMTP – серверлер қолданылады. Көбінесе, хат жіберу сіздің интернет провайдеріңіздің пошталық сервері арқылы жүзеге асады. Әдетте SMTP – серверлер идентификацияны талап етпейді де, сондықтан хатты мұндай кез-келген сервер арқылы жібере аласыз. Ал хаттарды қабылдау үшін қазіргі таңда POP 3 (Post Office Protocol – пошталық офис протоколы) протоколы қолданылады. Бұл тек нақты қолданушының хатын тасымалдайды, сондықтан авторизацияны талап етеді.

### 2.1.3 Пошталық клиенттердің негізгі қызметтері

Барлық пошталық клиенттердің базалық қызметіне – хаттарды қабылдау, олардың автономды режимде қаралуы, хаттарды реттеу, жауап жазу хаттарын құру және мекен-жай кітапшасын сақтау жатады.

### 2.1.4 Хатты жіберу және жеткізу

Сіз интернетке қосылған соң, клиенттік бағдарлама пошталық сервермен байланысып, оған жіберушінің мекен-жайы мен текстті жібереді. Жіберу кезінде клиент бағдарламасы поштасымен сыртқа пошта байланысып, (SMTP – сервері, SMTP протоколы бойынша) 25 нөмеріндегі портпен әрекеттеседі. Пошта жіберілетін

SMTP – серверінің атауы алдын ала клиенттік бағдарлама поштасына енгізілуі тиіс. Бұл процессті толығырақ қарастырайық. Хат жіберушінің серверіне жеткізілген соң, SMTP – сервер қабылдаушының серверімен байланысуы керек. Оның мекен-жайын білу үшін, сервер DNS – серверімен байланысып хат алушының SMTP – серверінің IP – мекен-жайын сұрайды. Қандайда бір себеппен жіберушінің SMTP – сервері мен қабылдаушының SMTP – сервері байланысқа түсе алмаса, бұл хат кезекке тұрады.

Әдетте әрбір 15 минут сайын хатты қайта жіберу мүмкіншілігі орындалып орырылады. Шамамен 4 сағаттан соң бұл мәселе жайында жіберушіге хат жолданылады да, 5 күннен кейін бұл процесс орындалмаса, хат иесіне қайтарылады. Сондықтан, хат тектен-тек жоғалыпкетпейді.

Пошта серверге келіп түскен соң алушы бұл хатты өз компактсіне құйып алады. Сіздің пошталық жәшігіңізде жиналған хаттарды алу үшін клиенттік бағдарлама POP 3 протоколы бойынша POP 3 серверімен байланысады. Сіз интернетке кірерден алдын пароль мен логиніңді көрсететіндіктен, хат алу кезінде олар қажет емес. Сіздің почтаңыз POP 3 – серверімен байланысып, хатты сіздің компактсіңізге құю туралы бұйрық береді.

Егер клиент поштасында «сақтау» бұйрығы көрсетілмесе, серверде хаттар қабылданғаннан соң жойылады. SMTP – серверде, POP 3- серверде қабылданушының почтасымен «сұхбаттасқан» кезде интуициялық командалар жинағын қолданады; user (IORG – ң FD енгізіңіз), pass ( парольді енгізіңіз, quit POP 3 серверден шығыңыз), dele (хатты жойыңыз) және т.б.

Хатты қабылдау үшін IMAP – протоколы да қолданылуы мүмкін. Келіп түскен хаттарды таңдаулы түрде өз компактсіңізге құя аласыз, папкалармен жұмыс істей аласызжәне т.с.с.

Электронды хатты адресатына жеткізілмей қалуына бірнеше себептер болуы мүмкін.

Мүмкін хат алушы жіберуші серверінен хат қабылдамайды. Сонымен қатар сервер шамадан тыс болған кезде қайтарылып жіберіледі. Егер жіберуші хат жіберіп отырған сервер атауын қате жазса, хат кері қайтарылады және

соңғысы, көрсетілген адресат болғанымен, оның почталық жәшігінде бос орын болмаған жағдайда.

### **2.1.5 Хатқа енгізілген арнайы таңбалар жіберу**

SMTP протоколы ASCII таңбаларының барлығын жіберуге мүмкіндік бермейді, тек ағылшын алфавитіне сай және ASCII кодтау кестесін базасы анықтайтын таңбаларды жібереді. ASCII кодтаудың 2 кестесін анықтайды. 7 биттік – базалық (0-127 нөмерлік таңбалар) және 8 биттік кеңейтілген (128-255)

Кириллица символдары кеңейтілген кестеге жатады. SMTP протоколына арнайы таңбалар болып табылады. Арнайы таңбаларды жібергенде әдетте MIME стандарты (Multipurpose Internet Mail Extensions - интернет стандартының көпбағытты кеңейтілуі) қолданылады, арнайы таңбаларды жіберуге және электрондық поштада жіберілетін тексттік емес ақпаратты жіберуге қолданылады. Мысалы: сіз хатқа енгізген графикалық файлдар әуелде электрондық пошта хат жіберу мақсатында қолданылған, сондықтан файлды жіберу үшін оны тексттік хат аналогына алмастыру керек.

MIME стандарты файл тақырыпшасы арқылы оның қандай типті мәлімет екендігін анықтайды (текст, графика, музыка т.б.).

MIME стандартын қолданғанда кириллицияны кодтау оңай жүзеге асады.

#### **Бақылау сұрақтар:**

1. E-mail-де ISP тіркеу қалай жүзеге асады?
2. Электронды почтаның жіберу-қабылдау қызметі қалай жүзеге асады?
3. E-mail сервисінде қандай протоколдар қолданылады?
4. Арнайы таңбаларды жіберу ерекшелігі қандай?

## **2.2 Файлдар мен алмасу.**

### **2.2.1 FTP (FILE TRANSFER PROTOCOL) файлдарды тасымалдау хаттамасы.**

FTP (file Transfer Protocol – файлдарды жіберу протоколы) 1971 жылы құрылып, осы күнге дейін кеңінен қолданылды. FTP TCP IP базасының протоколы базасына негізделеді және интернет пен компьютер арасында файл алмастыру әдісін ұсынады.

FTP-ның басты қызметі – интернеттегі файлдарды жойылған компьютерді локалды компьютерге (Down land) және керісінше (Upload) жіберуге, көшіруге арналған. FTP- протокол арқылы жойылған компактте өз файлдарыңды кетіруге және өзгертуге болады.

WWW – сервер мен FTP – сервердің айырмашылығы; WWW – тек оқуға арналған ақпараттарды ұсынады, ал FTP – серверлер ақпаратты алумен қатар, серверге жаңа ақпарат қосуға мүмкіндік береді. Көбіне, Web – бетте құрастырылатын файлдарды жіберу үшін FTP – протокол қолданылады. Ақпарат өзгерту үшін бұл ақпарат иесінің келісімі қажет. FTP – серверге

сұраныс жасағанда логин мен пароль қажет, бірақ бұл желіде көпшілікке арналған сервер жоқ деген өз емес.

### 2.2.2 FTP – ресурстар мекен-жайының форматы.

URL FTP – ресурсының форматы төмендегідей:

Ftp: // <user> : <password> @ <host> : <port> / <url – path>, мұнда

- user – қолданушы есімі (логин)
- password – пароль
- host – домендық атау немесе сервердің IP – мекен-жайы.
- url - path – файлға жол.

Әдетте порт қолданылмайды, мұндай жағдайда 21 стандарты қолданылады.

Сервермен байланысқанда қолданушы есімінің орнына anonymous, ал пароль орнына почталық мекен-жайын көрсетуге болады.

Анонимдік FTP үшін URL-де жеңілдетілген синтаксис қолданылады. Ftp: // <host> / <url-path>, яғни атауы көрсетілмеген жағдайда автоматты түрде anonymous қолданылады.

### 2.2.3 FTP – клиенттер

FTP қызметі клиент-серверлік архитектурада құрылған. Клиенттік компьютерде бағдарлама – клиент жіберіледі, ол сервермен байланысып, файлдарды жібереді және қабылдайды. FTP – серверге қосылу әртүрлі FTP – клиенттер көмегімен жүзеге асады:

- консольды клиент - Windows жүйесімен қондырылатын – ftp.exe . бағдарламасы.
- Браузерге енгізілген FTP – клиент ( мысалы, Internet Explorer Netscape Commonder).
- HTML –редакторға енгізілген FTP –клиент (Homesite, Dreamweaver Front Page)
- Мамандандырылған бағдарламалар (мысалы, Cute FTP немесе WSFTP)

### 2.2.4 ftp. exe көмегімен қосылу

ftp.exe – графикалық интерфейсi жоқ консольды клиент. Бұл пайдалануға қолайлы емес. Мұны тек ftp.exe қызметін түсіндіру үшін қолданамыз.

ftp.exe – ті қосу инетерактивті сеанспен байланысады:бағдарлама сізге командалау жолын көрсетіп, сұраныс жасауыңызды күтеді. Диалогты енгізу үшін ондаған командалар түрі бар, солардың кейбіреуі төменде көрсетілген.

- Cd [жойылған -директория] – жойылған машинада каталог құру.
- Mkdir [директория- атасуы] – жойылған машинада каталог құру.
- Get [жойылған- файл] – сіздің компьютеріңізге жойылған файл көшірмесін жіберу.



- reget [жойылған\_файл] [локалды\_файл] – локалды машинаға жартысы құйылған жойылған файлды соңына дейін құю. Команда көлемді файлдарды құю кезінде қолайлы.
- put [локалды\_файл] [жойылған\_файл] – жойылған жүйеге файлды жіберу. Егер жойылған файл атауы көрсетілмесе, ол локалдық жүйедегі файл атауына сай келеді;
- delete [жойылған\_файл] - атаулы файлды жою;
- close – жойылған сервермен FTP-сеансты ұзу және оны командалық интерпретаторға қайтадан әкелу;
- bye — FTP-сервермен жұмысты аяқтау (интерпретатордан шығуға әкеледі).

Толық командалар тізімін және қосымша мәліметтер RFC бағдарламасында алу мүмкін (RFC шешімі Request for Comments (түсінікге сұраныс) – құжаттар сериясы, Internet Engineering Task Force (IETF) ұйымымен басылатын, және әр түрлі мәселелерді қозғайды Интернеттің дамуы және оның технологиялары).

FTP-хаттаманы айтып кету керек интерактивті ұзақ қосылым жасайды, диалог жүргізу мүмкіндігін береді, қосылымды сақтауға, және байланыс бітті деген команда берілмесе жұмыс істей алады.

FTP-хаттама екі түрлі файлдарды түсінеді – мәтінді және екі түсті, басқа мәтінді емес файлдарды екі түсті қылып қабылдайды. FTP-қосылым арқылы жұмыс. Мәтінді хабарлармен ауысу ретінде түсінеді (қызметтік командалармен), және нақты сондай файлдармен екі компьютер арасында жүретін. Консольды жұмыс істеу формасы қолданушыларға онша ыңғайлы емес, бірақ қандай командаларды компьютер орындап отырғандығын жақсы түсіндіреді.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. FTP – Интернет сервисінің мақсаты не де?
2. FTP адресінің форматы – Интернет ресурста қандай?
3. Қандай FTP – клиенттер Интернетте қолданылады?
4. Консольды FTP – клиентпен жұмыс жасағанда қандай командалар қолданылады?

## **Тарау 3. Интернетте ақпаратты қорғау.**

### **3.1 Қауіпсіздік мәселелері.**

Мысал қарастырайық: Электрондық поштамен фирма А-ның бастығы фирма В-нің бастығына маңызды құжат жібереді. Коммуникация қауіпсіздігі жағынан қандай мәселелер туындайды? Осы хатты алғаннан соң фирма В-нің бастығында келесідей сұрақтар туындайды. Осы құжатты расында А фирмасының бастығы жіберді екен? (жіберушінің идентификациясы). Бұл хат В фирмасының басқа кім оқыды екен (құпияны сақтау). Белгілі хатты құпия сақтау, тек хабарды шифрлеумен ғана құпиялық сақтау мүмкін. Шифрлеу базасында жоғарыда айтылған үш есептіде шешуге болады, және де осындай сұрақтармен криптография айналысады.

#### **3.1.1 Криптография және интернет**

**Криптография** (грек.тіл Cryptos - құпиялы) – бұл маңызды ақпаратты өзгертуден және авторизацияланбаған рұқсат алудан қорғау және шифрлеу технологиясымен ғылымы. Криптография тек қана мәтінді оқылмайтын шифрленген түрге аудару қызметін емес, және қолданушылардың аутентификациялауының және де идентификациялау желіде жұмыс жасағанда есептерін шешеді.

Криптография – коммуникациялар қауіпсіздігінің негізі болып табылады. Себебі, желіле біз тек қана адамдармен қарым-қатынаст жасау емес, және де әр түрлі қызметтермен жұмыс жасаймыз. Мысалы: қандай да бір серверден бағдарламаны көшіріп алатын болсақ, бізге де маңызды білу керек бұл сервер жасаған фирманы екендігін, ия пират-фирманыкі екендігін, себебі пират – фирмасы біздің компьютерге вирус жұқтыруы мүмкін. Жолдауды жеке және бұқаралық кілтімен шифрлеуге болады, ал бұл жолдауды тек қана қос кілттердің екінші кілтімен ғана ашып алуға болады. Яғни жеке кілтпен шифрленген жолдауды бұқаралық кілтпен ашуға болады және де керісінше. Жеке кілт тек қана иеленушіге белгілі және де оны ешкімге беруге болмайды, ал бұқаралық кілт барлық корреспонденттерге ашық таратылады.

#### **3.1.2 Симметриялық және асимметриялық кілттер.**

*Қос кілттерді – жеке және бұқаралық – аутентификациялау және құпиялық есептерін шешу үшін қолдануға болады.*

Екі тұлғаның бір-бірімен құпиялы хабарландырулар алмасуы үшін міндетті түрде екі кілт болуы қажет.

Қос кілттердің көмегімен шифрленген кезде, барлық корреспонденттерге өзіндік бұқаралық мкілтіңізді жіберу міндет емес. Сізге ыңғайлы ашық рұқсатпен сол кілтті желіде сервермен орналастырған. Сонда сол кілтті кез-келген адам көшіріп алып сізге құпиялық хабар жібере алады, бірақ сол хабарды сізден басқа ешкім де оқып алмайды.

### ***Симметриялық және ассиметриялық кілтпен шифрлеу.***

Ассиметриялық шифрлеу алгоритмі тиімділік жағынан симметриялық шифрлеу алгоритіміне қатты ұмтылады, себебі көптеген бар шифрлеу жүйелер ассиметриялық және дәстүрлі симметриялық шифрлеу жүйелерінің түзбелерін қалданады, берілген ақпаратты шифрлеу үшін қолданады.

### **3.1.3 Цифрлік қолтанба**

Цифрлық қол қоюдың механизмін тусіндіру үшін бір жақты хеш-функция түсінігін кіргізу керек.

*Бір жақты хеш-функция*, әр түрлі ұзындығы бар басылған жолдауды, шегі бар символдар ұзындығына және жолға өзгертеді, былай айтылғанда жолдаудың дайджесті. 16-байттық хеш-функцияны қолданғанда, шығында сіз 16-байты ұзындығы бар жазылу аласыз.

*Хеширлеу - бұл бір жақты, қайтпайтын, шифрлеу мен салыстырғанда, өзгеріс.*

Жолдаудың дайджесті бойынша бірінші кезіндегі хабарландыруға өзгерту мүмкіндік жоқ, бірақ оны идентификациялауға болады.

Мысалы А хеш-функция қолданып, код түрінде дайджест алды деп айтайық (**код1**). Содан соң өзінің жеке кодын қолданып А дайджесті шифрлейді, бұл құжаттың қол қою аналогы болып қалады. Содан соң А ашық мәтіннің жолдауын және цифрлық қолын қоюды В-ға жібереді. Абонент В бұқаралақ кілтпен қол қоюды шифрлеп ашады, және өзі дәлелденеді хатты А абонентінен алғандығына. Сонымен аутентификация жасалады. Содан соң, абонент В бұл жолдау жеткізілуі процессінде өзгертілмегендігіне куәлану керек. Шифрлеп ашу бағытында абонент В жолдаудың дайджестін алады - **код1**. Содан соң абонент В, хеш-функция қолданып отырып, А абоненті қолданған, жолдаудың мәтінін хештейді де, бір түрлі **код 2** түріндегі дайджесті алады. **Код1** және **код 2** сәйкес болса В абоненті жолдаудың мәтіні жеткізу этапында өзгерілмегендігі екенінде дәлелденеді.

*Цифрлық қол қою немесе электронды қол қою* - бұл жіберушінің аутентификациялайтын немесе қол қоюдың авторы, құжаттың мазмұны өзгермегендігі туралы дәлелдейтін әдіс. Цифрлық қол қою шифрленген түрде, және жолдаудада қойла алады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Ақпаратты Интернетке өткізгенде қандай ақпаратты қорғау механизмдері қолданылады?
2. Жіберушінің идентификациясы, жолдаудың аутентификациясы, құпияны сақтау түсініктердің мағынасы неде?
  1. Симметриялық және ассиметриялық шифрлеу түсініктердің мағынасы қалай?
  4. Цифрлық қол қоюдың механизмінің қолдану алгоритмі қандай?

## 3.2 Интернетте қолданушыларды идентификациялау

### 3.2.1 Cookies механизмі

Cookies – үлкен емес мәтінді жазулар, сервердің сұрауы бойынша қолданушының компьютерінде браузер арқылы сақталады.

Бұл мәтіндік ақпарат қолданушының компьютерінде жойылғанына дейін сақталады. Cookies қолданушысының Web серверге хабарласқан тарихы сақталады және сол хабарды көптеген серверлер жібереді. Бұл сайтқа хабарласқандарды анық тексеру мүмкіндігін береді, және сайт қолданушыларға және олардың мұрагерлеріне қосымша сервис береді. Мысалы: сайт мұрагерлеріне қанша адам сайтты қарады, кім сайтқа бірінші рет келді, кім қайталап келді екенін білу үшін маңызды. Бұл есеп Cookies технология арқылы өте оңай шешіледі. Web сайттың бағдарламалық қамтамасыз етуі әрбір сайтқа хабарласқан тұлғаның өзіндік номерін көшіріп қолданушыға жібереді. Ол қолданушының компьютерінде сақталып тұрады. Қайталап хабарласқанда хабарласқан мәліметер оқылып, Web сайт хабарласқан адамдарды таниды.

Келешекте осы бетке хабарласқанда сіздің Cookies-тегі ақпарат өзгеріп тұрады.

Соның ішінде атап кету керек, әртүрлі Cookies-ті сервер әртүрлі Web сайттың бөлшектерімен салыстырады. Cookies серверлер түйіннің жұмыс жасау қабілетті дайындайды. Келесіде қолданушыны жеке қабылдайды.

Cookies технологиясы арқылы жұмыстану қолданушыны есіне сақтау оның файлынан атын көшіру және жеке бұраулар танийды. Күнделікті және уақытша Cookies файлдары болады.

Cookies уақытша файлдар қолданушылардың компьютерінде браузердің сеансы уақыттықта сақталады, ал күнделікті файлдар қолданушының компьютерінде сақталады. Cookies технологиясы көмегімен сайттың қожайыны қолданушының сайтта жүрісін байқайды. Оның ерекшеліктерін және сұраныстарын байқайды және оны жарнамалық мақсаттарда пайдаланады. Cookies-те қолданушы туралы оның анықтамалық жеке қолданылатын бұрауларын білуге болады. Ол тұындыға хабарласқанның және жеке идентификациялар мәліметтер білуге болады. Өзі толтырған регистрациялық түрлерінде. Атап кету керек, Cookies тек қолданушының өзі серверге жіберген мәліметтерді сақтайды. Cookies мәліметтерін сақтау үшін браузер қолданушының компьютерінде анықтамалы мәліметтер базасын жүргізу керек.

MS Internet Explorer мен қолдансаңыз, онда сіздің компьютеріңізде ол мәліметтер базасы файлдар папкасымен көрсетіліп тұрады, аттары қолданумен және серверден тұрады. Мысалы: файл `sanata@spylog[2].txt` осындай түрі болады:

VISIDSVWDOBAOFOTIYBYDIPSPYLog.com/10241362503808295671022  
16316196829530892.

Қызметтік ақпарат. Жалпы браузер Cookies максималды сыймдылықтарына тиім салынады, жалпы Cookies саны 500 ден аспайды және Cookies максималды саны бір серверде сақтау үшін 20 ға жақын.

Cookies жалпы сыймдылығы онша үлкен емес және мәліметтердің үлкен көлемін сақтамайды. Жалпы қолданушы сайтқа хабарласқан, қандай жарнама оған көрсетілді, сұраныс қылған тауарлырдың тізімі серверде сақталады. Ал Cookies сол ақпаратты іздеу үшін қолданылады. Cookies технологиясы персоналды беттерді жасау мүмкіндігін береді.

Электронды коммерциялар сайты Cookies-ті сатып алушы қапшығын құру үшін пайдаланады. Сіздің қапшығыңызға қосылған барлық тауарлар туралы ақпарат. Сіз шот алғыңыз келгенде сіз ұсынған тауарлардың барлығы белгілі, сондықтан серверге мәліметтер базасынан, олардың тұратын бағалары туралы ақпарат алып, сізге шот қою қиын емес.

Сіздің компьютеріңіздің жұмыс жасау қабілеттілігіне байланысты Cookies-ті жою қауіпсіз, бірақ есте сақтау керек. Сіз жиі хабарласатын сайттың Cookies-ін жасаңыз, сол Cookies-пен бірге сіздің бұрауларыңыз жоғалады. Бірнеше адамдар қандай да бір сайтқа бір жеке компьютермен хабарласып тұрса, сол хабарласқан Web сервер әртүрлі келушілерді бір тұлға деп шатысып, олардың жеке бұрауларында шатастырады. Сіз интернетке қосылуға әртүрлі компьютерлер қолдансаңыз.

Сайтта тіркелгендер жоғарыда айтылған мәселелерден құтылуға болады. Осындай жағдайда сервер сіздің Cookies-пен бірге сіздің логинмен пароль сақталады. Сондықтан әртүрлі компьютерден хабарласып рұқсат алыңыз. Сізге дұрыс ақпарат беріліп отырады.

Cookies мәтінді түрде сақталатын болғандықтан қолданушы оны жойып немесе өзгертіп жібере алады. Сондықтан Web толықтырушы жұмыстары Cookies-те маңызды ақпарат сақталмайды және Web сервердің жұмысын қолданушының дискісіне тыйым салынады. Cookies-ті орналастырып, жұмыс жасайтын мүмкіндігі бар. Дискіде Cookies-тің бары қолданушының қай сайтқа хабарласқандығын қорытындылауға мұрша береді және қолданушының анықты сайтқа жіберілген жеке мәліметтерді білуге болады.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. Cookies термині интернетте нені білдіреді?
2. Cookies жұмыс жасау механизмі қалай?
3. Cookies-ті қолданып, қандай есептер шешіледі?
4. Cookies технологиясын қолданғанда қандай ерекшеліктер бар?

## Тарау 4. Web-қосымшалар құру технологиясы

### 4.1. Интернет-қосымшаларын құру

#### 4.1.1 HTML тіліне жалпы түсінік

Интернетке түрлі қызметтердің жиынтығы әсер етеді. Солардың бірі ең көп тараған қызметтер қатарына Web (World Wide Web(бүкіләлемдік өрмекші)) енеді. Web – тораптардағы құжаттардың негізгі форматы HTML болып табылады. HTML (Hyper Text Maker Language) ағылшын тілінен аударғанда гипермәтінді белгілеу тілі деген мағынаны білдіреді.

*Гипермәтін* – бұл қосымша элементтерді басқару мақсатында ішіне екпінді элемент орналасқан мәтін түрі.

#### HTML тілінің құрылымы

<HTML>

<HEAD> <TITLE> құжат тақырыбы </TITLE> </HEAD>

<BODY>

құжат тұлғасы

</BODY>

</HTML>

Көп жағдайларда HTML документтердің тақырыптары болады. Олар <Hn></Hn> тегтер арқылы жасалады, *n*–нің орнына 1-ден 6-ға дейін сан жазамыз. Осы тегтер ортасына текстімізді орналастырсақ, сізге белгілі көлемді тақырып шығады.

<H1>Тақырып</H1>

<H2>Тақырып</H2>

<H3>Тақырып</H3>

<H4>Тақырып</H4>

<H5>Тақырып</H5>

<H6>Тақырып</H6>

Ал енді жаңа абзацқа шығару үшін <P>, ал жаңа жолға шығу үшін <BR> тәгі жазылады. Бұл тәгтерді жабу керек емес. Әрине, егер Сіз <P> тәгінде ALIGN абзацты түзеу элементін қолданбасаңыздар:

<P ALIGN=LEFT>Сол жақ шетке түзеу</P>

<P ALIGN=CENTER>Ортаға келтіру</P>

<P ALIGN=RIGHT>Оң жақ шетке түзеу</P>

Ал мәтінге қалың, курсивті, сызықты және т.с.с. түр беру үшін, оны сай келетін тәгтер ортасына жазу керек:

<B> Қалың мәтін </B>

<I> Курсивті </I>

<U> Асты сызылған </U>

<STRIKE>Сызылып тастаған</STRIKE>

<SUP> Жоғарғы индекс </SUP>

<SUB> Төменгі индекс </SUB>

Кейбір тегтер белгілі бір параметрлермен қолданыла алады немесе қолдану тиіс, олар ашылған тэг элементтерінде жазылады (бір тэге бірнеше параметр беруге болады). Мысалы, ашылып жатқан <FONT> тэгінің (</FONT> жабылатын тег жазылу тиіс) бірнеше атрибуттары болуы мүмкін:

**SIZE** – шрифттің өлшемін береді (стандартты шрифт өлшемі –«3»). Текстті <FONT SIZE=**n**></FONT> тэгтерінің ортасына қойсақ (бұл жердегі **n** – цифр)

Сіз оған керекті өлшем бересіз:

<font size=»1»>Мысал 1</font>

<font size=»2»> Мысал 2 </font>

<font size=»3»> Мысал 3 </font>

<font size=»4»> Мысал 4 </font>

<font size=»5»> Мысал 5 </font>

<font size=»6»> Мысал 6 </font>

<font COLOR="white"> Красный </font>

<font COLOR="FF0000"> Қызыл </font>

Сонымен түс туралы басынан айтып кетейік. <BODY> тэгінің ішіне **BGCOLOR** параметрін жазып және оған түс атын немесе оның 6 орынды кодын беру керек. Берілген екі мысал бетті қызыл түспен бояйды.

<BODY BGCOLOR=»RED»> (түстің аты қолданылған)

<BODY BGCOLOR=»FF0000»> (түс 6 орынды кодпен берілген)

HTML документіне сурет салу үшін келесі құрылымды жасау керек. (толық көрсетілген):

<IMG SRC=»Сурет аты» BORDER=»0» ALIGN=» түзеу» WIDTH=»Ені» HEIGHT=»Биіктігі» HSPACE=» 1-орын қалу» VSPACE=»2-орын қалу» ALT=»сұқпат»>

### Кестелер

Кестелерді қолдана отырып, бірнеше бағана құруға және суреттің фон мен үйлесуін сәндірек етуге болады т.с.с.

Кесте <TABLE> ашылатын тегімен басталып </TABLE> тегімен аяқталады. <TABLE> тегінде мынадай атрибуттары болуы мүмкін:

Кестенің құрлымын біліп алу үшін, қарапайым мысалды алып қарайық:

1 ұяшық	2 ұяшық
3 ұяшық	4 ұяшық

Мұндай кесте былай жасалады:

<TABLE BORDER=»2» WIDTH=»200»

BGCOLOR=»#00FF00»>

<TR>

<TD>1 ұяшық</TD>

<TD>2 ұяшық</TD>

</TR>

```

<TR>
<TD> 3 ұяшық</TD>
<TD> 4 ұяшық</TD>
</TR>
</TABLE>

```

Ескеру: Берілген мысалда кестенің ені қолдан берілген (WIDTH=»200» пиксель), бірақ пайызбен берген ыңғайлы, себебі бұл жағдайда терезенің көлеміне қарай өзгеріп отырады.

Кестеде тақырып орналасуы мүмкін, ол <CAPTION></CAPTION> тегтерінің ортасында орналасады. Ол міндетті түрде <TITLE> тегінен кейін орналасу керек. Тақырыпқа ALIGN атрибутын қолдануға болады, ол кестеде орналасуын анықтайды:

**TOP** – тақырып кестенің жоғарғы жағының ортасына жазылады.

**LEFT** – тақырып кестенің жоғарғы жағының сол жақ шетіне жазылады.

**RIGHT** – тақырып кестенің жоғарғы жағының оң жақ шетіне жазылады.

**BOTTOM** – тақырып кестенің төменгі жағының ортасына жазылады.

Ал енді кестенің жолдары мен ұяшықтары туралы. Кестенің жолдары <TR> тегімен басталады және </TR> тегімен жабылады, ал әрбір ұяшық <TD> тегімен басталып </TD> тегімен аяқталады.

**Тізімдер құру.** Бұл жағдайда тізімнің әрбір элементтің алды автоматты түрде нөмірленіп шығады. Нөмірленген тізім <OL> тегінен басатылып, </OL> тегімен аяқталады. Мысалы:

<OL>		
<LI>	Бір	Бір
<LI>	Екі	Екі
<LI>	үш	үш
<LI>	Төрт	Төрт
<LI>	Бес	Бес
</OL>		

<OL> тегінің мынадай параметрлері болуы мүмкін:

**TYPE** – санау түрі:

**A** – үлкен латын әріптері

**a** – кіші латын әріптері

**I** – үлкен рим цифрлары

**i** – кіші рим цифрлары

**1** – кәдімгі цифрлар

Келесі мысалда тізім үлкен рим санының сегізінші цифрінен басталып нөмірленген:

<OL	TYPE=»I»	Сегіз
START=»8»>		Тоғыз
<LI>	Сегіз	Он
<LI>	Тоғыз	Он бір



<LI>		Он	Он екі
<LI>	Он	бір	
<LI>	Он	екі	
</OL>			

### Нөмерленбеген тізім:

Номерленбеген тізім үшін әдетте тізімдегі элементті белгілеуге маркерді қолданады. Ал маркердің түрін, заң бойынша, қолданушы таңдайды.

Номерленбеген тізім <UL> тегімен ашылып, </UL>тегімен жабылады. Тізімдегі әрбір элемент <LI> тегімен басталады. Мысалы:

<UL>		
<LI>	Бір	Бір
<LI>	Екі	Екі
<LI>	үш	үш
<LI>	Төрт	Төрт
<LI>	Бес	Бес
</UL>		

<UL> тегі өзіне **TYPE** параметрін қоса алады. Оның **disc**, **circle**, **square** деген белгілері бар.

<UL TYPE=disc><LI> disc </UL>	disc
<UL TYPE=circle><LI> circle </UL>	circle
<UL TYPE=square><LI> square </UL>	square

### 4.1.2 Динамикалық HTML

Internet Explorer және Netscape Navigator нұсқалары пайда болғанға дейін құжаттарды өзгерту сыртқы бетте ғана write, document арқылы мүмкін еді. Содан соң орындалатын сценарийлер браузерге жаңа бетті құю, алдын-ала ескерту терезесін құю т.б. секілді командаларға сұраныс жасауға болады, бірақ бет компьютерге құйылған соң, HTML-код өзгертілмейді. Егер қолданушының сұранысына сай келмесе, Web-беттерді қалай интерактивтеуге болады. Netscape-тің 4 бағытымен және Internet Explorerдің 4 бағытымен құрылған динамикалық HTML бұл кедергілерін жоғалтады. Динамикалық HTML сценарийі арқылы HTML блоктарды енгізу, оларды жоюға немесе өзгертуге немесе объектілердің қасиеттерін өзгертуге болады. Браузер жаңа қасиеттерді және жаңа HTML-кодты автоматты түрде жаңартады.

Динамикалық HTML 2 принциптен құрылады:

- Браузердегі объектінің атауын немесе ұйымдастыру әдісін сипаттайтын құжаттың объекті моделі.
- Сценарийдік жіберу қасиетін қодағалайтын әдісін сипаттайтын модель.

World Wide Web жедел түрде дамып келеді. Дәстүлі Web- сайттар бұрынғыша статистикалық ақпарат беттерімен қолданушылар арасында көп сұранысқа түспейді. Сондық Web дизайнерлер өз беттеріне ерекше сипат аударуға тытысады. Ол үшін әртүрлі графика элементтері мен 6 форматтағы анимациондық файлдарды қолданады. 6 tf.jpg 6 pn бдәстүрлі форматтар арқылы суретте өзгерту сайтқа көрнекті болғанымен құю кезінде көп уақытты алады.

#### **4.1.3 Macromedia Flash бағдарламасындағы Action script тілінің қызыметі**

Анимацияны құрудың альтернативті құралы- macromedia flash продуктысы, Web- өзгертуге алға қойған мақсатқа жетуге болады басқа профикалық приложениялармен салыстырғанда өзгертіледі.

- Негізінде математикалық формулалар тізбегі арқылы құжат көлемін түсін, орналасуға формасын анықтайтын векторлық графиканы қолдану. Векторлық графика – түзулерден тұрады, расторлық графика – пиксельдерден тұрады.

Web үшін, көлемі кішкентай файлдарды сақтау және графиканы көрсету математикалық формулаларды қолдану өте маңызды болып келеді.

- Дыбыстарды графиканы анимацияны қысу мүмкүндігі. Мұндай процесс арқылы Web – бетте көрсетілуін, ал Web- браузер бір графиканы сайт көрсетіп тұрады, ол екінші графиканы және анимацияны құюға болады.

Flash-ге интерактивтеу әртүрлі бөлімдерден тұруы мүмкін.

Қарапайым графиканы шексіз қолдану графиканы, анимацианы, ірі тақырыптарды, кез- келген объектіні өзгертіп сайтқашығарған соң навигациялық егізуге болды, кнопкаларды, мәзір анимация бөлшектері және т.б. Сонан соң интерактивті фильмдер құруға болады. Осы жерден интерактивті басқару элементері FLASH- ға ACTION SCRIPT –тілді құру сценарий арқылы жүзеге асады.

FLASH- тен веторлық графика нәтижесінде құрылған суреттін және текісттін сапасы жоғары болады. FLESH – қолданушының сурет салуына мүмкүндік береді. Негізгі, FLASH құру процессі кезінде геометриялық формаларды анықтай алады. Сонымен қатар ол сурет салу барысында қолданушының жасаған қателерін векторлық формалар арқылы түзейді. FLASH тіке және толқынды түзеулер құруға да көмектеседі. FLASH құрамына сапалы FLASH –фильмдерді құрауғанегіз болатын құралдар кіреді. Бұл құрал - ACTION SCRIPT FLASH-ге ACTION SCRIPT –сіздің бетіңізді интерактивті қылады. Сіз белгілі бір кадр жүріп жатқан кезде, бұл программамен тышқан немесе клавиатура арқылы әрекеттесе аласыз. ACTION SCRIPT бағдарламасын үйрену үшін бұрыннан да бағдарлаумен жұмыс істеуді білген жөн-(C++Java script). Flash тілінің бір ерекшелігі сіз арнайы мамандарылған болмасаңыздар FLASH-те ACTION SCRIPT сапалы код жаза аласың, тек ACTION SCRIPT бғдарламасын толық меңгерсеңіз болғаны. Сіз тек өзіңізге қажет бөлігімен ғана жұмыс істей аласыз.

### Бақылау сұрақтары:

1. Dynamic HTML құрастырудың негізгі принциптері қандай?
2. Инт-те FLESH- технологиясын қолданудың ерекшелігі неде?
3. FLESH-тегі ACTION SCRIPT тілінің қызыметі қандай?

### Практикалық жұмыс № 1

**Тақырып:** HTML- құжаттарды құру негізі (фреймдер, тізімдер, кестелер)


**Мақсаты:** Кестелер мен тізімдерді қолдану арқылы және фреймдер көмегімен HTML- құжаттарды құру

#### Теориялық мағлұматтар:

HTML- құжаттарды құру үшін 2 тэг қолданылады: <frameset> және <frame>.

<frameset> тәгі кадрдегі жолдар мен бағандардың бастапқы саны мен көлемін енгізуге мүлік береді. Ал экранды көлденеңінен бөлу «row» атрибуты арқылы орындалады. Атрибуттер түрінде көрсетіледі. Ал тігінен бөлу «cols» атрибуты арқылы орындалады. Атрибуттер саны пайыз немесе пиксельдер түрінде көрсетіледі.

«Frameset» тегінің ішінде күрделі беттер құрамына кіретін құжаттардың барлығына сілтемелер болуы керек. Бұл < Frame > тегінің көмегімен орындалады. Web- беттерге арналған екі вертикальды фрейм ұсынылған.



Сол жақтағы кадрда тақырып атауы, ал оң жақтағысында фрейманың құрамындағы барлық сілтемелер көрсетіледі. Сол жақтағы кадрға Frame 1, htm енгізіледі.

</ HtmL>

Төменде құжаттардың бастапқы коды көрсетілген:

< HtmL>

< head>

< title>

< /head>

< frameset cols= 1"30 %, \*">

< Frame name= toc "src= " Frame 2 htm">

```
< Frame name= "main "src=" Frame 1 htm">
</ frameset >
</Html>
```

"Frame" тегіндегі "name" атрибутындағы кадрді меншіктену атауы көрсетіледі. Ол еренсілтеме құрамын көрсету үшін қолданылатын бағытталған кадрды нұсқау кезінде қажет етіледі. Еренсілтеме арқылы алынған құжат көрсетілген кадрға құйылуы үшін енгізіледі.

```
< Ahref = "Url- құжат main target= " кадр атауы">
```

Төменде Frame 2 htm құжатының бастапқы жеңілдетілген коды ұсынылған; мұнда барлық құжаттарды сілтемелер көмегімен шығаруға "main " атаулы кадр қолданылады.

```
< Html>
< head>
< title> файл Frame 2 htm <Title>
< /head>
<Bodi>
<A HREF = "file. Htm "Target ="main" >файлды іздеу </ A>
< A HREF= index. Htm " Target ="main" > Автоматты индекстер
< A HREF " tema Htm " Target ="main" >матикалық каталогтар
```

### **Практикалық тапсырмалар:**

1. Желі ресурстарында сілтемелер бетін құру, міндетті түрде фреймаларды қолдану арқылы. Файл атаулары кішкентай латын әріптерінен тұруы қажет.

Сол жақтағы фреймде рубрика құру, құрылған сілтемені тізім ретінде тіркеу ( Тег <Uh>)

- іздеу жүйелері;
- каталогтар;
- әдебиеттер;

Оң жақтағы фреймде атаулы сілтемелерді құру және ресурстарды қысқаша сипаттау:

- іздеу жүйелері үшін, сілтемелерді 2 бағанды және бірнеше жолды кестелер түрінде құру. Сол жақтағы бағанда іздеу жүйелерінің сурет-логатиптерін орналастыру, оң жағында – осы жүйеге еренсілтемелер құру. (сілтемелер w.w.w. yandex.ru , w.w.w. rambler.ru, w.w.w. aport.ru, w.w.w. google.com, file-search.ru).

Мысал:



2. Кестенің мысалы:

- каталогтар үшін құрылған сілтемелерді нөмірленген тізімдер түрінде тіркеу (w.w.w. list.ru, w.w.w. rambler.ru).

- әдебиеттер үшін, құрылған сілтемелерді нөмірленген тізімдер түрінде тіркеу, сілтемелерді рубрикалар бойынша орналастыру; Мысалы: кітапханалар, кітапханалар, техникалық әдебиет, стандарттар ([w.w.w. citforum.ru](http://w.w.w.citforum.ru), [w.w.w. lib.ru](http://w.w.w.lib.ru), [w.w.w. W3.org](http://w.w.w.W3.org), [http:// pyramidin. Nazod.ru/html//index.htm](http://pyramidin.Nazod.ru/html//index.htm)).

Негізгі беттен осы бетке сілтеме құру.

6. Файлдарда серверде орналастыру және оны браузерде тексеру, барлық сілтемелердің жұмыс істеу қабілеттеілігін тексеру.

7. Әрбір тектер тобы қандай мақсатта қолданылатындығы комментарий ретінде беттің бір шетінде көрсетіңіз.

## **Практикалық жұмыс № 2.**

**Тақырыбы: Құжат «шапкасы», META-мәліметтер, HTML-құжаттардағы суреттер белгісі мен картасы.**

**Жұмыс мақсаты:** HTML - құжаттарды белгілер (метки) көмегімен құру, сурет картасын

құру және де META – мәліметтер мен құжат «шапкасын» қолдану.

**Теориялық мағлұматтар.**

Құжат «шапкасы» мен META – мәліметтер </head> тегтерімен шектеледі. META – ақпараттарды құрайды, яғни бет жөнінде қосымша мәліметтер, беттер атауы, браузер терезесіне шығарылатан тақырыптар және сілтемелер. Тақырыпша </title> және </title> тегтерімен анықталады, бұл міндетті емес, бірақ бағаны жақсы <head> және <title> тегтерінде параметрлер болмайды.

Егер еренсілтемелік құжаттар авторы өз шығармасын оқитын қауымға жеткізгісі келсе, өзінің жұмысын, каталогтар мен іздеу жүйелерінде әрі ерекше , әрі тиімді етіп тіркеуі қажет.

Бұл үшін HTML тілінің командалар жинағын арнайы META инструкциялар тобы қондырылған, ал негізінен іздеу машиналары арқылы құжатты сипаттауға және индекстеуге арналған.

Өзіңіздің сайтыңызды іздеу жүйелері мен каталогтарда тіркеуден алдын дайындау қажет. Болмаса қолданылған күш пен уақыт нәтижесі төмен болады. Берілген мысалдарда біз META-тегтерді қарастырамыз. Олардың рөлі беттерді көрсетуде білінбейді. Бұл командалар Web-серверлер мен браузерге арналған, бірақ маңызды командалар, өйткені META-тегтерді дұрыс қолдану сізге өз артықшылығын береді.

Іздеу жүйелері беттерді тіркеу кезінде META дискрипторларда сақталған ақпараттарда қолданады, олар сіздің сайтыңыздағы <head> немесе </head> тегтерінің арасында орындалады. META барлық іздеу жүйелерінде қолданылмағанымен, оларсыз жұмыс істеу мүмкін емес. META элементтері құжаттардың кейбір қасиеттерін сипаттайтын ауыспалы мағынаны анықтайды: автор жөнінде ақпарат, кілттік өздер тізімі т.б. Name атрибут – ауыспалы, ал content – оның мағыналықұғымы. Есте сақтаңыз, барлық META – тегтер визуалды ақпаратты тасымайды және тек <head> </head> құжаттар акциясында орналасуы қажет.

META – жинағының барлығын қолдану міндет емес, бірақ базаның болуы қажетті. Оларға Title, Keywords, Description, Charset, Author- ді жатқызуға болады.

### **Title – құжат тақырыбы.**

Дұрыс таңдалған тақырып сіздің сілтемеңізге көптеген қолданушыларды еліктіреді. Мысалы: <TITLE> мұнда құжат тақырыбын жазсаңыз </TITLE>.

### **Description – сипаттау.**

Сіздің сайтыңыздың артықшылығын нақты сипаттаудан артық жарнама жоқ. Description сұранысқа жауап беру кезінде сіздің сайтыңызды сипаттауға жауап береді.

Қысқаша сипаттауға мына нұсқаулар қолданылады:

<meta name =” description “ content = “ бет сипаттамасы “>.

Егер сипаттауды орыс тілінде жүргізгіңіз келсе, «lang» атрибутын көрсету керек.

<meta name =” description” lang = “ru” content =” бет сипаттамасы “ >.

“Description” тегіне сіздің сайтыңызда көп қолданылатын барлық терминдерді, өздерді, олардың синонимдерін енгізу керек.

### **Keywords – іздеу өздер мен өйлемдері.**

